ЖШС «MDU Baqytty bala» балабақшасы

Бекітемін:
«MDU Baqytty bala»
балабақшасының меңгерушісі:
Калиева К.

Әдістемелік кеңес

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:
«MDU Baqytty bala»
балабақшасының меңгерушісі:
Калиева К.

«MDU Baqytty bala» балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік кеңес жоспары.

3.1. Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби тәжірибесін жетілдіру, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып тәрбие-білім беру үдерісінің сапасын арттыру, тиімді педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	**№1 отырыс.** **2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту. Топтардағы пәндік-дамытушы орталықтарды орналастыру.**	**Қыркүйек**	Әдіскер, шығармашылық топ, тәрбиешілер
2	**№2 отырыс.** **1. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту.** **2. Мектепалды даярлық топтарының оқу жетістіктерін талдау.**	**Қараша**	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі
3	**№3 отырыс.** **Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы. (Д.Б.Эльконин теориясы) Мектепалды топтардың диагностикасы.**	**Ақпан**	Әдіскер, тәрбиешілер
4	**№4 отырыс.** **2023-2024 оқу жылының қорытындысы. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту. Үздік педагогтарды марапаттау.**	**Мамыр**	Төрайымы

ЖШС «MDU Baqytty bala» балабақшасы



Әдістемелік кеңес отырысы
№ 1 Хаттамасы

ЖШС МДҰ«BAQYTTY BALA» балабақшасы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: қыркүйек 2023 жыл

Төрайымы: А.А.Туребекова
Хатшысы: А.А.Ориантаева
Барлық педагогтар саны:21
Қатысқан педагогтар саны:21

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.

1. ТЫҢДАЛДЫ:«Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» балабақша үшін маңызды мәселе болғандықтан биылғы жылғы нұсқау хатта да басым көрсетілгені айтылды. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланады. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға,қызығушылықтарыменмүмкіндіктерінесүйенеотырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушыортамыналарды қамтамасыз етеді:

• Үлгілікбағдарламаныңміндеттерінискеасыруды;

• инклюзивтібілімберудіұйымдастыруда—оғанқажеттіжағдайлар жасауды;

• білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

• балалардыңжасерекшеліктерінескерудіқамтамасызетуітиіс.

Заттық-кеңістіктікдамытушыортағақойылатынжалпыталаптар көрсетілді. Олар: қауіпсіз;қолжетімді;әртүрлі;мазмұнды;көпатқарымды;өзгермелі;тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар дың сақталуы керектігі ескертілді.

ертежастобындажәнекіші топта:

танымдықойыншықтар,қарапайымпазлдар,зерттеушілікқызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ мотериканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ

модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

1) ортаңғытопта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегінеарналғанқұралдарменойыншықтар,театрландырылғанойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) ересекжәнемектепалдыдаярлықтоптарында(сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланғанбасылымдар,балаларжурналдары,альбомдар,суреттермен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуымаңызды(арқан,қорап,сым,доңғалақтар,ленталаржәнет.б.).Оларойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылды.

Мектепке дейінгі ұйымдармен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылды.

ШЕШІМ:

1.Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы орта жабдықталып, жұмысы жандандырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.А.Туребекова

Хатшы: А.А.Ориантаева

ЖШС «MDU Baqytty bala» балабақшасы



Әдістемелік кеңес отырысы
№ 2 Хаттамасы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: «2» қараша 2023 жыл
Өткізілген орны: «Baqytty bala» балабақшасы
Қатысқандар: әдіскер, шығармашылық топ мүшелері, тәрбиешілер
Қатысқандар саны: 21 педагог
Төраға: Кулшанбаева Ж.М.
Хатшы: Ормантаева А.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту.
2. Мектепалды даярлық топтарының оқу жетістіктерін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда ойынның рөлі» тақырыбында әдіскер А.А.Ормантаева баяндама оқыды. Баяндамада шығармашылық - бұл баланың өз ойын еркін жеткізуі, жаңа нәрсе ойлап табуы екендігі айтылды. Баланың шығармашылығы тек сурет салуда ғана емес, құрастыруда, ертегі ойлап табуда, рөлдік ойындарда да көрінеді.Шығармашылықты дамытушы орта балаға:Өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді;Қиялын, логикалық ойлауын дамытады;Ұсақ моторикасын және тілін дамытады;Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда жағымды орта қалыптастырады.Жас топтары бойынша қойылатын талаптар сақталуы керек екендігі ескертілді. Әсіресе ересек және мектепалды топта:танымдық, зерттеушілік бұрыштары,театрландырылған ойындарға арналған материалдар,құрастыру, Лего, мозайка, еркін сурет салуға арналған изо-бұрыштар толық жабдықталуы тиіс.2. ТЫҢДАЛДЫ:

Мектепалды топ тәрбиешілері Г.Жұмағалиева мен А.Таңатова өз топтарындағы балалардың диагностика нәтижесін көрсетті. Балалардың 85% мектепке дайын, 15% -ға жеке жұмыстар қажет.

ШЕШІМ:

1. Балабақшаның барлық топтарында шығармашылық бұрыштар жаңартылсын, жұмысы жандандырылсын. Мерзімі: 01.03.2024 ж.
2. Әр тәрбиеші айына 1 рет шығармашылық ойыннан ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетсін.
3. Мектепке дайындығы төмен балалармен жеке түзету жұмыстары жүргізілсін.

Төраға: Кулшанбаева Ж.М.
Хатшы: Ормантаева А.А

ЖШС «MDU Baqytty bala» балабақшасы



Әдістемелік кеңес отырысы
№ 3 Хаттамасы

ЖШС МДҰ«BAQYTTY BALA» балабақшасы»

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты:20 ақпан 2024 жыл

Төрайымы: Кулшанбаева Ж.М,
Хатшысы:А.А. Ормантаева
Барлық педагогтар саны: 21
Қатысқан педагогтар саны:21

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы. Әдіскер:

ТЫҢДАЛДЫ:Сюжетті-рөлдік ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, сезімін оятып, рухани- адамгершілік қасиеттерін арттыру болып табылаьынын айта келе,психолог Д.Б.Эльконинніің сюжеттік-ойындарға берген анықтамасын айтты. Ол: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» - деген екен. Шынында да, сюжеттік рөлдік ойындардың көзі - балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді.
Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны: үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Қазіргі заманның психологиялық –педогогикалық зерттеулерде сюжетті ойын - адамның кез келген іс-әрекеті сияқты - балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжетті ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде - әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті. Тәрбиеші балаларға көбінесе сюжетті – рөлді ойындарды ойнатқаны дұрыс. Себебі балалар ойын барысында өздеріне берілген рөлді аса жауапкершілікпен қабылдап, өздерін бір уақыт ересектер санатын қосып, ойлау қабілеттері дамиды

ШЕШІМ:
1.Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ж.М.Кулшанбаева
Хатшы: А.А. Ормантаева

ЖШС «MDU Baqytty bala» балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы
№ 4 Хаттамасы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: «20» мамыр 2024 жыл
Өткізілген орны: «Baqytty bala» балабақшасы
Қатысқандар: әдіскер, шығармашылық топ мүшелері, тәрбиешілер
Қатысқандар саны: 21 педагог
Төраға: Кулшанбаева Ж.М.
Хатшы: Ормантаева А.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.
3. Үздік педагогтарды марапаттауға ұсыну.1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер А.А.Ормантаева 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы бойынша есеп берді. Жыл бойы жоспарланған 4 әдістемелік кеңес, 3 педагогикалық кеңес, 21 ашық ұйымдастырылған іс-әрекет толық өткізілді. Педагогтар біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Балабақшаішілік бақылау нәтижесінде топтардағы дамытушы орталар талапқа сай жабдықталған.Жылдық жоспар 98% орындалды деп табылды.2. ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші Кулшанбаева Ж.М. жазғы сауықтыру жоспарын таныстырды. Жаз айында балалардың денсаулығын шынықтыру, қимылды ойындар, сумен, құммен ойналатын ойындар, таза ауада сабақ өткізу жоспарланған.3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жыл бойы белсенділік танытқан тәрбиешілерді марапаттау мәселесі қаралды.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылсын, қабылдансын.

2. 2024 жылғы 1 маусымнан бастап балабақша жазғы сауықтыру режиміне көшірілсін. Жазғы жоспар бекітілсін.

3. Жыл бойы шығармашылықпен жұмыс жасаған педагогтар:Жұмағалиева Г.Таңатова А.Сағындықова М.

Алғыс хатқа ұсынылсын.

4. Барлық топтардың құжаттары 27 мамырға дейін архивке өткізілсін.

Төраға: Кулшанбаева Ж.М.
Хатшы: Ормантаева А.А.